ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 2 мамыр № 1112-24-00-2/882 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья К.Е. Исенова қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«ФАТИМА» жеке кәсіпкерінің басшысы Мизамбаева Фатима Мойынбаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынан жауапкер «ФАТИМА» жеке кәсіпкерінің басшысы Мизамбаева Фатима Мойынбаевнаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы– қанағаттандырылсын.

«ФАТИМА» жеке кәсіпкерінің басшысы Мизамбаева Фатима Мойынбаевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ФАТИМА» жеке кәсіпкерінің басшысы Мизамбаева Фатима Мойынбаевнадан мемлекеттік пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Қ. Исенова

Құжатқа қол қойылған: Исенова К. Е., 02.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.06.2024, судья Аймухамедов А. А., 20.09.2024

1112-24-3-1/881